

## Ақмола облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2026 жылғы 3 наурыздағы № 8С-26-6 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1 тармағы 4-6) тармақшасына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланған үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы

Б.Жүсіпов

Ақмола облыстық  
мәслихатының  
2026 жылғы 3 қазандағы  
№ 8С-26-6 шешіміне  
қосымша

## Ақмола облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері

№ р/н	Қалалар және елді мекендердің санаты	Жалға алу ақысының мөлшерлемелері 1 шаршы метрге айлық есептік көрсеткіштерінде (ай сайын)		
		Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері	Археология ескерткіштері, ансамбльдер мен кешендер, киелі объектілер	Монументтік өнер құрылыстары
1.	облыстық маңызы бар қалалар*	0,8	0,6	1,0
2.	аудандық маңызы бар қалалар**	0,6	0,4	0,8
3.	кенттер***	0,4	0,4	0,6
4.	ауылдар****	0,2	0,2	0,4

### Ескерту:

Мемлекеттік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі жалдау ақысының мөлшерлемесін жалдауға алынатын алаңның шаршы метрдегі көлеміне көбейту жолымен шығарылады.

Жалдау ақысының мөлшерлемесі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сай қалалар мен елді мекендердің санаттарын ескере отырып анықталады:

облыстық маңызы бар қалалар\* - ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер;

аудандық маңызы бар қалалар\*\* - аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер;

кенттер\*\*\* - халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер.

Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

ауылдар\*\*\*\* – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.